



*Майталман металлуртер*  
**Библиографиялық жаднама  
(Еңбекпен шыңдалған тұлғалар)**

011

М 14

М 14

Майталман металлургтер: Еңбек ардагері

**Шора Уызбайұлы Хамитов, Қинаш Сәденов:**

библиографиялық жаднама /Теміртау орталық  
кітапханасы: құраст. К.Жанашева. - Теміртау. - 2024.-  
16 б. - (Еңбекпен шыңдалған тұлғалар).

Теміртау қаласының орталықтандырылған  
кітапхана жүйесі КММ  
Ақпараттық-библиографиялық бөлімі

***Майталман металлургтер***

*Еңбек ардагері*

**Шора Уызбайұлы Хамитов**

**Ардагер металлург**

**Қинаш Сәденов**

**библиографиялық жаднама**

**(Еңбекпен шыңдалған тұлғалар)**

**Теміртау, 2024**

## ОҚЫРМАНҒА

1958 жылы Совет Үкіметі **«Қазақ жастары - Қазақстан Магниткасына!»** деген ұран тастады. Қазақстан Магниткасының алып құрылысын салуға сол кездегі одақтың, ең бастысы еліміздің түпкір-түпкірінен мыңдаған қазақ жастары комсомолдық жолдамамен келіп, жаңа кәсіп игеріп, металлургия саласын ұршықша игере бастады.

Уақыт зымыраған сайын күні кеше ғана Қазақстан Магниткасының алып құрылысына атсалысып, комбинаттың іргетасын қалап, бар ғұмырын металлургия саласына арнаған ардагерлеріміздің қатары сиреп барады.

Ақпараттық-библиография бөлімі бүгінде көздері тірі сол майталман металлургтердің ерен еңбек пен бейнетке, зейнетке толы өмір жолдарын өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге ете отырып, жастарды еңбекке баулу мақсатында ардагер металлуртердің еңбек жолы туралы **«Еңбекпен шыңдалған тұлғалар»** топтамасымен **«Майталман металлургтер»** атты библиографиялық жаднама құрастырды.

Жадынаманы құрастыру барысында электронды каталог пен интернет қолданылды.

**Қалың оқырман жұртшылыққа арналған.**

## ХАМИТОВ ШОРА УЫЗБАЙҰЛЫ

### Еңбек ардагері

Тектілерге тұғыр болған Теміртауға сонау 1959 жылы комсомолдық жолдамамен келген қазақ жастарының қатарында бүгінгі кейіпкеріміз Хамитов Шора Уызбайұлының да тағдыры тоғысып, құрыш қаланы өзінің туған жерінен артық көрмесе, кем көрген емес.



Шора ағамыздың әкесі Уызбай ақсақал жас кезінде ауыл мектебінде сауатын ашып, еңбек жолын ұстаздықтан бастаған екен. Кейін, яғни 1928 жылы Алматы облысының Түрген селосында мұғалімдер даярлайтын семинарияны жедел курстық бағдарламамен бітіріп, аталған облыста мектеп мұғалімі болып, жас ұрпақтың сауатын ашу жолында тер төгіпті. Ұлағатты ұстаз атанған ол бәйбішесі Күлтай анамен алты перзент тәрбиелеп өсіріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған. Сол алтаудың бірі Шора Уызбайұлы 40 жылы Алматы облысының Талғар ауданына қарасты Қызылту-3 колхозында туған, ауылдағы сегіз

жылдық мектепті бітіріп, Қарағандыдағы туысының үйіне келеді. Бұл 1956 жыл екен. Қарағандыдағы индустриялық техникумды бітірген бозбала СМУ-5-ке жұмысқа орналасып, ағаш шебері болып еңбек жолын бастайды. Күндердің бір күнінде осындағы комсомол хатшысының аузынан Теміртауға жастарды комсомолдық жолдамамен жіберетінін, Қазақстан Магниткасының алып құрылысы жүріп жатқанын естіп, осында келуге шешім қабылдайды. Осылайша, 1959 жылы Шора ағамыздың тағдыры Теміртаумен біржолата тоғысып, осында тұрақтап қалады.

Жалындап өткен жастық шақтың әрбір сәті көңіл түкпірінде күні кешегідей сайрап тұратыны анық. Ол жылдары комбинат әлі салынып бітпеген, бірақ тарихта «елу тоғызыншы жылдың оқиғасы» болып қалған қақтығыс бар. Сол дүрбелеңнен кейін екі жүзге тарта жігітті Челябинскиге мамандыққа оқуға атандырады. Сол жігіттердің қатарында Шора ағамыз да болыпты, сөйтіп, токарлық мамандықты меңгеріп келеді Теміртауға. Комбинаттағы еңбек жолын механика цехында бастаған ол кейін агрофабрика ашылғанда слесарь-сантехник болып сонда ауысады. Кейін комбинаттың ЛЦП-1 цехы іске қосылғанда оператор болып жұмыс істейді. Оператор

қызметі сырттай қарағанда жеңіл көрінеді, негізінде олай емес, бұл мамандықты меңгеру үшін білім, сосын ептілік, жауапкершілік қажет-ақ. Осыны ұғынған жігіт Челябинскиге қайта барып, оператордын оқуын оқып. өз шеберлігін шыңдап, жұмысына табандылық танытады. «Еңбек етсең-емерсің» дейді дана халқымыз, жұмысқа деген күш-қайраты мен қызығушылығы, іскерлігі оны биіктерге жетеледі, басшылық көп уақыт өтпей-ақ Шора Уызбайұлын барлық постардың бригадирі етіп тағайындайды. Бұл жауапкершілікті одан сайын арттыра түсетін маңызды қызмет, сондықтан жан-тәнімен беріле еңбек етті. Әрине, ерен еңбектің, төгілген тердің бағаланатыны заңды, бұл ретте біздің бүгінгі кейіпкеріміздің де бағы жанғанын атап айтуға болады. 1973 жылы «Социалистік жарыс жеңімпазы» кеуде белгісін омырауына қадаған ол 1976 жылы «Тоғызыншы бесжылдықтың екпіндісі», «Коммунистік еңбек екпіндісі» секілді марапаттарға лайықты болды. Тағы бір айта кетеріміз, 1978 жылы Шора Хамитов Қазақстан Магниткасына келген жастардың арасында алғашқылардың бірі болып «III дәрежелі Еңбек даңқы» орденімен марапатталып, әріптестері арасында сый-құрметке бөленді.

- Сол жылдардың жарқын елесі жадымнан кетер емес, қазіргі таңда сол кездері бірге жүрген, аралас-құралас болған, сыйласқан жолдастарымыздың бірсыпырасы арамызда жоқ. Олар өмірден өтсе де, көңілден кетпейді, жарқын бейнелері ешқашан Ұмытылмайды. Ал көзі тірілерімен әлі күнге дейін сыйласып, бір-бірімізбен сағына көрісіп тұрамыз. Расында, біздің толқынның өмірге деген көзқарасы, құлшынысы, еңбекке деген талпынысы тіпті ерекше болды. Біз әрқашан жанымыздан табылып, қуаныш пен қайғыны бірге бөлістік, -дейді ардагер аға ағынан жарылып.



Шора ағаның өмірден таңдап тапқан жары, бағы, отанасы Еңлік ана сөзіне ісі сай, мейірімді жан. Отағасының жағдайын жасап, үнемі жанына демеу болып келеді.



Балаларының тәрбиесіне ерекше мән беріп, оларға бағыт-бағдар беріп, отбасының анасы, сонымен қатар данасы болып отырған жайы бар. Ол ҚарМУ-дың алғашқы түлегі, жоғары білімді маман ретінде тоғыз жыл орта мектепте мұғалім болып, кейін партия қызметтерінде болыпты. Қай салада жүрсе де, бірінші кезекте жаны нәзік, заты әйел екендігін ұмытпай, қызметте - іскер басшы, үйде - ардақты ана ретінде бәрін үйлестіріп, қалауын таба білу де үлкен өнер, өмір мектебі ғой. Отбасындағы бірлік пен берекеге қарап, Шора ағамыздың шын мәнінде бақытты ардагер екеніне күә болдық.

Шора Хамитов комбинаттың қарапайым жұмыскері бола жүріп, ерен еңбек үлгісін көрсеткен, өз кәсібінің қыры мен сырын біліп ғана қоймай, оны көптеген шәкірттеріне үйреткен жан. Еңбегінің бағаланып, омырауы орден-медальдарға толғанын жоғарыда айттық, ал комбинаттың жолдамасымен Жапония, Египет, Венгрия секілді басқа да бірталай шетелдерде саяхатта болып, жастық шағындағы бейнетінің зейнетін көрді. Сөйтіп, тағдырын құрыш қаламен тоғыстырған жан 1990 жылы «Еңбек ардагері», сосын «Қарағанды металлургия комбинатының ардагері» атанды.

## **ҚИНАШ СӘДЕНОВ**

### **КСРО-ға еңбегі сіңген ардагер металлург**

Қазақстан Магниткасының алып құрылысына еліміздің әр түкпірінен, сол кездегі одақтың барлық аумағынан комсомолдық жолдамамен келген қыз-жігіттер бүгінде алдыңғы толқынның қатарын толықтырып, зейнетте жүр. Дегенмен, «тумақ рас, өлмек хақ» демекші, небір марғасқаларымыз өмірден өтіп жатыр. Олардың атыжөндерін дәл қазір айтып тауыса алмаймыз, арамызды толтырып жүрген ардагер металлургтер өмірден кетсе де, көңілден кетпесі анық. Сондай даңқтылардың бірі де бірегейі Сәденов Қинаш аға болатын. Ол қашанда адал еңбегімен еленген жан еді, көзінің тірісінде КСРО-ға еңбегі сіңген металлург атанды.

Қинаш аға қазақ металлургия заводын салуға 1944 жылы небәрі 17 жасында Ақмола облысынан келгенді. Мұнда білікті мамандар қажет, сондықтан ол Уралдың Алапаевск қаласында кәсіби дайындықтан өтіп, келе сала сол кездегі бейнеті ауыр жұмыстардың бел ортасында жүрді. Сөйтіп, мартен цехында жемісті еңбек етіп, 33 жыл тер төгіп, 1978 жылы зейнетке шықты.

Сұрапыл Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан сол бір ауыр жылдарда ол тылда еңбек майданын қыздырып, күн-түн демей, жеңісті жақындатуға өз үлесін қосты. Тіпті болат қорытудың қыры мен сырын талай жастарға үйретіп, ағалық қамқорлық жасады. Ол кісіні ұстаз тұтатындардың қатарында әйгілі металлург, Еңбек Ері Арғын Жүнісов те, комбинат ардагері Сұлтан Садырбаев та бар. Жұмысқа деген ынта-ықыласы оны биіктерге жетеледі. Жанында жүрген ізбасарларына төзімділікті, сабырлылықты, ең бастысы адамгершілік қасиеттерді үйретті.



- «Мен қолым босай қалса, Қинаш ағаға барып, әңгімелесіп, шахмат ойнап, көңілін біраз сергітіп қайтатынмын. Сонда көпшіл көңілі жадырап, жас баладай

мәре-сәре болып қалатын еді, деп еске алады комбинат ардагері С. Садырбаев ақсақал.

Иә, мартенде жұмыс істеу, жалпы металлург болуы жданааттылықты талап ететін аса ауыр, жауапкершілігі мол жұмыс. Осы мамандықтың қиындығына төзіп, ауыртпалығын көтеріп, соңынан кәсібінің нәсібін көрген еді ол кісі. Бүгінде өзі арамызда жоқ болса да, оның әрбір қимылы, жүріс-тұрысы, істеген істері мен көрсеткен өнегесі замандастарының көңілінде сайрап тұр. Халқымыз «Ат тұяғын тай басар» деп тауып айтқан ғой, бүгінгі таңда Қинаш ағаның ұлы Сәбит әке жолын жалғастырып, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-да еңбек етіп келеді. Марқұм Балкүміс жеңгеміз де арамызда жоқ, бірақ олардан қалған ұрпақ қара шаңырақтың отын өшірмей, түтінін түтетіп келеді.



## Қолданылған әдебиеттер тізімі:

Лұқпан, Е. Тұғыры биік Теміртау [Мәтін] / Е. Лұқпан, А. Ақын, Т. Смағұл.- Қарағанды: Қарағанды Полиграфия, 2005.- 248б.

Алдашева, Р. Еңбек - ердің несібі: [металлург Хамитов Шора Уызбайұлы туралы] // Құрыш қала КЗ. - Теміртау.- 2015.- 17 шілде (№27).- 10 б.

Алдашева, Р. "Қарттарым аман-сау жүрші" [Мәтін]: [ардагер - металлург К.Сәденов туралы] // Теміртау.- 2006.- 10 тамыз.- 3 б.

Садырбаев, С. Мартенде маңдай тері моншақтаған: [КСРО-ға еңбегі сінген металлург марқұм Қинаш Сәденов туралы] // Құрыш қала. - Теміртау.- 2014.- 11 шілде (№28).- 7 б.





ОК: Победа көшесі, 12 үй  
телефоны: 8(7213) 98-47-60  
ОК сайты: [www.kulturatem.kz](http://www.kulturatem.kz)  
e-mail: [tcs.gb@mail.ru](mailto:tcs.gb@mail.ru)